



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

15.09.19 № 566

**Мектепке дейінгі ұйымдарда
ерекше білім беруге қажеттілігі бар
және жеке мүмкіндіктері ескерілген
балаларға арналған арнайы
инклюзивті топтарды ашу туралы**

Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және «Арнайы балабақшалар қызметінің үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2019-2020 оқу жылынан бастап мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беруге қажеттілігі бар және жеке мүмкіндіктері ескерілген балаларға арналған арнайы инклюзивті топтар № 1 қосымшаға сәйкес ашылсын.

2. Мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына сәйкес арнайы инклюзивті топтардың қызметі үшін жағдай жасасын және «Арнайы балабақшалар қызметінің үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығына сәйкес айрықша білім беру қажеттіліктері бар балалармен қажетті психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстарын жүзеге асыру үшін штат кестесіне маман бірліктерін енгізісін.

3. Экономика және жоспарлау бөлімі (Г. Бейсенбекова) штат кестесін қарастырсын, «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне сибекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес басшылар мен мамандарға қажетті қосымша ақылар мен үстемақылар көзделсін.

4. Әкімшілік-құқық бөлімі (Ж. Кулушпаева) ерекше білім беруге қажеттілігі бар және жеке мүмкіндіктері ескерілген балаларға арналған арнайы инклюзивті топтардың ашылуына байланысты жоғарыда аталған мектепке

0001516